

## БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

## ҰСТАЗ ТАЛАПТЫ БОЛСА ШӘКІРТ ТАЛАПТЫ БОЛАР

ЖАРИЯЛАНДЫ  
26.05.2022СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/122012/>

Шалабаева Маржан Базаркуловна

## ЭССЕ-«ҰСТАЗ ТАЛАПТЫ БОЛСА ШӘКІРТ ТАЛАПТЫ БОЛАР»

Тәуелсіз мемлекетіміздің болашағы мен тірегі ол әрине білімді ұрпақтың өсіуі. Болашақта еліміздің мәртебесін жоғары деңгейге көтеретін, дамытатын өсіп келе жатқан жас ұрпақтар. Ал сол жас ұрпақты тәрбиелеу білім ошағындағы барлық мамантыңдардың басты міндеті, оның ішінде әрине балабақша тәрбиешілері де бар, мұғалімдер мен ұстаздардың басты міндеті.

В.С. Сухомлинский-«Мұғалімдік мамандық - бұл адамтану, адамның күрделі және қызықты, шым-шытырығы мол рухани жан дүниесіне үңіле білу. Педагогикалық шеберлік пен педагогикалық өнер - ол даналықты жүректен ұға білу болып табылады.»-дегендей ұстаздық ету үшін алдымен баланы түгелдей жан тәнін ұғыну қажет. Кез келген шәкірттің жетістігін айтып мадақтаған да ең алдымен қойылатын сұрақ « ұстазы кім екен». «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы»- деген нақыл сөздің дәлелімен дәйегі осы шығар. «Ұстаз ізденгіш болу, ойлай білуі, қандай істі болсын, бар ынтасымын атқара білу керек»-деп В.Маяковский айқандай ұстаз деген жан жақты болу керек. «Ұстаз» деген ұлағатты сөз, оның түп тамырында өтте үлкен мән мағына жатыр. Ұстаз, өзінің өмір бойы жинаға білімін, тәжірибесін, бойындағы махаббатымен сүйіспеншілігін шәкірке, немесе тәрбиеленуші балаға толықтай береді. «Ұстазы жақсының ұстамы»- жақсы дегендей ұстаз болу оңай емес, сол берілген құнды баға жетпес дүниені әрі қарай алып кету және оны одан әрі дамыту кезкелген жас маманмен шәкірттің міндетті, еліміздің тәрбиелі, ақылды, иманды отан сүйгіш азаматтарды тәрбиелеу әр ұстаздың тікелей міндетті. Ы.Алтынсарин атамыз айтқандай, «Егер бала бірденені түсінбейтін болса, онда оқытушы оларды кінәлауға тиісті емес, оларға түсіндіре алмай отырған өзін кінәлауға тиіс»-деп бекер айтпаса керек. Қай заманда болсын, тарихта болсын, қазіргі заман болсын- ұстазға аса мәртебемен қараған және халық өз баласын сеніммен тапсырған, өйткені ұстаз деген мейірімді, білімді, ақылды саналы тұлға деп санайды адамзат. Сондықтан да ұстаз қашанда балалардың алдында өзін дұрыс ұстауы тиіс мысалға тіпті киім киісінің өзі бір тәртіппен тәрбиенің нышаны болу керек деп санаймын. Ұстаз барлық жағынан белгілі бір

тәртіппен жүру керек ол әрине бірінші орында ұстамдылық, кішіпейілділік, ақылды, үнемі ізденісте болу керек, сырт келбеті жинақы, тіпті дауыс ырғағы жағымды болу керек сонда ғана ұстазға сай бола алды. Жаңа заманға сай тәуелсіз еліміздің болашақ ұл қыздарын тәрбиелеу тікелей ұстаздардың міндеті. Ұстаз өз шәкіртерінен жетістерге жеткеннен көрсе, немесе үлкен белестерге шығып атағы даңқы шығып жатса, онда ұстаздың еңбегінің еш кетпегенін біледі. Ұстаздың берген білімі тәлім тәрбиесі мейірімімен сүйіспеншілігі кез келген адамзатқа алдағы өміріне жол сілтер, бағыт бағдар беретін шырақ болатынын айтпасақта білеміз. Оған дәлел өмірге ең алғаш бағыт бағдар берген, қалам ұстатып, әріп үйреткен бойына алғашқы білімді дарытқан ұстаздың еңбегі деп білеміз. Қандайда болмасын мамандық иелері ғұламалар, ақындар, қара жұмыскерде тіпті саудагерлер де, бар адамзат ең алғаш білімін сауатын ұстаздан алып, әрі қарай үлкен өмірге аяқ басады. Сондықтан ұстазға аса құрметпен қарайды. Өз ұстазына құрметпен қарау ол әр адамның міндеті. «Ақырын жүріп, анық бас еңбегін кетпес далаға, ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға»-деп Абай атамыздың сөзімен аяқтағым келіп отыр ұстаздық етуден жалықпайық құрметті ұстаздар.

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.